

# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ, I

Халықаралық құқықтағы жеке  
қылмыстық жауапкершілік



Бұл дәрісімізде біз халықаралық Қылмыстық Соттар мен Трибуналдар, соның ішінде бұрынғы Югославия жөніндегі Халықаралық қылмыстық трибунал, Руанда жөніндегі халықаралық қылмыстық трибунал, Халықаралық қылмыстық трибуналдардың механизмі, Халықаралық Қылмыстық Сот мәселелерін қарастыратын боламыз.

## Халықаралық Қылмыстық Соттар мен Трибуналдар

Бірінші Дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін Одақтас державалар комиссия құрды. Комиссия былай деп ұйғарды: жеңілген мемлекеттер соғыс құқығын бұзғандықтан, осы қылмыстары үшін жоғары лауазымды тұлғалар сот алдында жауапкершілікке тартылуы тиіс. Сондай-ақ, соғыс құқығын, соғыстың әдет-ғұрып нормаларын, адамгершілік заңдарын бұзған қылмыстарды қарайтын Одақтастардың Жоғарғы трибуналын құру туралы ұсыныс жасалды. 1919 жылғы Версаль Шартында Германия билігі Одақтас державалардың талабымен соғыс заңына және соғыстың әдет-ғұрып нормаларына қарсы қылмыс жасады деп айыпталған тұлғаларды әскери трибуналға беруге келісетіні айтылды.

1945 жылғы Басты соғыс қылмыскерлерін қудалау мен жазалау туралы келісімге тіркелген Хартияда бейбітшілікке қарсы қылмыс, соғыс қылмысын, адамзатқа қарсы қылмыс жасағаны үшін жеке адамның жауапкершілігі нақты қарастырылған. Төрт негізгі судьядан тұратын Нюрнберг трибуналы – тарихтағы алғашқы халықаралық қылмыстық трибунал болды. Малколм Шоудың пікірінше, бұл халықаралық қылмыстық құқықтың шынайы бастауы ретінде тарихта қалды. Трибунал «халықаралық құқық мемлекеттерге жүктелген міндеттемелер мен жауапкершілікті мемлекеттермен қатар, жеке тұлғаларға да жүктейді. Себебі «халықаралық қылмысты мемлекеттің абстрактілі институттары емес, адам жасайды. Сондықтан тек сол қылмыскерді жазалай отырып қана халықаралық құқықты сақтай аламыз» деп мәлімдеді. Жеке қылмыстық жауапкершілік жүктейтін қылмыстардың қатарына бейбітшілікке қарсы қылмыстар, соғыс қылмыстары және адамзатқа қарсы қылмыстар жатады.

Нюрнберг жарғысының нормаларына қазіргі кезде халықаралық құқықтың бір бөлігі ретінде қараймыз. Әсіресе, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 1946 жылы осы жарғының қағидаттары мен Трибунал шығарған шешімдерге қолдау білдіргеннен кейін оның маңызы арта түсті.

Бас Ассамблея халықаралық құқықта геноцид үшін жауапкершілік жеке тұлғаға жүктейтін қылмыс деп мәлімдеді. Бұл көзқарас 1948 жылғы Геноцид туралы конвенцияда да айтылып, геноцидті мемлекеттік сотта немесе «халықаралық трибуналда» жазалау қажет екендігі айтылды.

Жеке тұлғаның қылмыстық жауапкершілігі 1949 жылғы төрт Женева конвенциясының нормаларында да, оның қарулы қақтығыстар туралы 1977 жылғы қосымша I және II хаттамаларында да айтылған. Бұл құжаттарда қатысушы мемлекеттер үлкен қылмыстарды жасаған немесе жасауға бұйрық берген тұлғаларды жазалайтын заң қабылдауға міндеттеледі деп анық-қанық жазылған. Ондай өрескел заң бұзушылықтардың (яғни қылмыстардың) қатарына қасақана адам өлтіру, азаптау мен адамгершілікке жатпайтын әрекеттер, үлкен мөлшердегі мүлікті, әскери қажеттілік туындамағанына қарамастан, заңсыз жою немесе иемдену, қорғауындағы адамды заңсыз депортациялау немесе беру, кепілдікке алу қылмыстары аталады.

1977 жылғы Хаттамаларда бұл тізімге бейбіт халыққа шабуыл жасау, нәтижесінде бейбіт халық пен олардың мүліктеріне кісі өлімі мен жарақат сияқты орасан зиян келтіретінін біле тұра қондырғыларға шабуыл жасау; өз территориясындағы бейбіт халықты басып алған территорияға көшіру немесе депортация жасау, апартеид, нәсілдік кемсіту, тарихи мұраларды жою, өнер жәдігерлері мен зиярат орындарын жою сияқты қасақана қылмыстарды жасағаны үшін жазалау шаралары қосылған. Мұндай әрекеттер қасақана жасалған кезде ол өрескел заң бұзушылық болып есептеледі.

Малколм Шоудың айтуынша, кез келген тұлғаның мемлекеттік мәртебесіне қарамастан соғыс қылмыстары мен басқа да ауыр қылмыс жасағаны үшін жауапкершілігі белгіленеді. Бұған қоса, соғыс қылмыстары мен басқа да ауыр қылмысты жасауға бұйрық берген биліктегі адам және сол қылмысты жасаған кез келген адам жауапкершілікке тартылады.



## Бұрынғы Югославия жөніндегі Халықаралық қылмыстық трибунал

Югославиядағы оқиға бұған дейін де айтылып жүрген, бірақ сөз жүзінде қалып келген халықаралық қылмыстық сотты құру туралы мәселеге жаңа серпін берді. Югославиядағы жағдай мен 1994 жылғы Руандадағы қырғын Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің құзіретін пайдалана отырып, екі халықаралық әскери қылмыстар трибуналын құруға түрткі болды.

Қауіпсіздік кеңесі Югославия территориясында орын алған оқиғаларын тексеріп, дәлелдеуге қатысты мәліметтерге сараптама жасау үшін әділ сарапшылар комиссиясын құрды. Комиссия 1993 жылдың басында Югославия территориясында халықаралық гуманитарлық құқықтар мен басқа да құқықтар бұзылды деген ұйғарымға келді. Оның ішінде қасақана адам өлтіру, «этникалық тазалау», жаппай қыру, азаптау, зорлау, тонау, бейбіт азаматтардың меншігін жою, мәдени және діни мүліктерді жою, рұқсатсыз қамауға алу сияқты қылмыстар жасалған деді.

Одан кейін Қауіпсіздік кеңесі 808-резолюцияны (1993 жылы) қабылдады. Онда «Югославия территориясындағы 1991 жылдан бері халықаралық гуманитарлық құқықтың өрескел бұзылуына кінәлі тұлғаларды» тергеу үшін халықаралық трибунал құру қажеттігі айтылды. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы БҰҰ ЮХҚТ жарғысының жобасы мен комментарийлер әзірледі. Оны БҰҰ Жарғысының 7-тарауының негізінде қызмет ететін Қауіпсіздік кеңесі 827-резолюция (1993 жылғы) аясында қабылдады.

Трибуналға Югославия территориясында 1991 жылдан бері халықаралық гуманитарлық құқықты өрескел бұзуға кінәлі адамдарды тергеу құқығы берілген еді (Жарғының 1 және 8-баптары). Малколм Шоудың пікірінше, тергеуді аяқтау мерзімінің белгіленбеуі – соттың Косоводағы соңғы қақтығыстарды да тергейтінін білдірді. Трибунал үш негізгі органнан: Хатшылықтан, Прокурор кеңсесінен және Сот палатасынан тұрды. Хатшылығы – әкімшілік орган, Прокурор кеңсесі – тергеуге жауапты, тергеу жүргізу, айыптау қорытындысын шығаратын орган. Қазіргі кезде үш бірдей Сот палатасы бар. Әр палата сот төрағасы мен екі судьядан тұрады. Сондай-ақ құрамы жеті мүшеден тұратын апелляциялық палата бар. Жетеудің бесеуі бұрынғы Югославия жөніндегі Халықаралық қылмыстық трибуналға (ЮХҚТ) қатысқан, ал қалған екеуі Руанда жөніндегі Халықаралық қылмыстық трибуналдың құрамында болған.

Палатада ең көбі 16 тұрақты судья болады және ең көбі 12 ad litem судья болады. Ad litem судьялар БҰҰ Бас Ассамблеясы қайта сайлану құқығын сақтай отырып, төрт жыл мерзімге сайлаған 27 судьяның арасынан іріктеп алынады.

Жарғының 2–5 баптарында Трибуналдың юрисдикциясы таралатын қылмыс түрлері аталған. Ондай қылмыстар: 1949 жылғы Женева конвенциясын бұзу, соғыс әдет-ғұрып құқығын бұзу, геноцид, адамзатқа қарсы қылмыс. Сонымен қатар, аталған қылмыстарды «жоспарлаған, арандатқан, бұйрық берген, жасаған, жасауға, жоспарлауға, дайындалуға көмектескен» жеке тұлғалар жеке қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Айыпталушының ресми мәртебесі оның қылмыстық жауапкершіліктен босатылуына немесе жазаның жеңілдеуіне негіз бола алмайды. Тіпті қарамағындағы адамның аталған қылмыстарды жасағанын немесе жасайтынын біле тұра, қылмыстың алдын алу немесе қылмыс жасауға дайындалған адамды жазалау жөнінде шара қабылдамаған басшы да жауапкершіліктен босатылмайды.

Сонымен қатар, айыпталушы әлгі қылмысты үкіметтің немесе жоғарғы басшылықтың бұйрығымен жасаса да, қылмыстық жауапкершіліктен құтыла алмайды.

Югославия жөніндегі Халықаралық қылмыстық трибунал 2016 жылдың шілдесіне дейін 161 айыптау қорытындысын шығарып, 83 адамға үкім кесті, 19 адамды ақтап, 36 адамға айыптау алынып тасталды (олардың кейбіреуі айыпталушының қайтыс болуына қатысты болды) және 13 айыпталушының ісі мемлекеттік соттардың юрисдикциясына тапсырды.

## Руанда жөніндегі Халықаралық қылмыстық трибунал

Руандадағы 1994 жылғы жаппай қырып-жою оқиғасына байланысты Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік кеңесі 955-резолюциясын қабылдады (1994). Бұл қарарда Руанда



жөніндегі халықаралық қылмыстық трибунал құрып, осы трибуналға елдегі халықаралық гуманитарлық құқықтың бұзылуына кінәлі тұлғаларды тергеу құқығын беру туралы шешім қабылданды. Трибуналдың жарғысы (Статуты) Қауіпсіздік кеңесінің қарарында тіркелген Югославия жөніндегі трибуналдың жарғысына өте ұқсас. Руанда жөніндегі трибунал үш сот палатасынан, прокурор кеңсесінен, хатшылықтан тұрды. Сот палатасында 16 тұрақты тәуелсіз судья болды. Олар әртүрлі мемлекеттің азаматы болуы тиіс.

Трибунал жарғысының 2–4-жарлықтарында Трибуналдың юрисдикциясы тарайтын қылмыстар аталған. Олардың қатарына мыналар кіреді: геноцид; адамзатқа қарсы қылмыс, оның ішінде адам өлтіру, қырып-жою, құлдыққа жегу, заңсыз депортация, заңсыз бас бостандығынан айыру, азаптау, зорлау, саяси, нәсілдік, діни негізде қудалау т.б. Сонымен қатар, бейбіт тұрғындарға қарсы ұлттық, саяси этникалық, нәсілдік, діни негіздегі кең көлемді және жүйелі кез келген қылмыстың барысында жасалған адамгершілікке жатпайтын әрекеттер. Басқаша айтқанда, Женева конвенциясында және оның қосымша хаттамаларында көрсетілген қылмыстарды қамтиды. Югославия жөніндегі халықаралық қылмыстық трибуналдың жарғысындағы сияқты, аталған трибуналдың да Жарғысында осындай қылмысты жасауға бұйрық берген не көмектескен адамдардың иммунитеті болмайтыны, яғни жеке қылмыстық жауапкершілікке тартылатыны айтылған.

Трибунал Руанда территориясында жасалған халықаралық гуманитарлық құқықты өрескел бұзуға қатысты істер мен Руанда азаматтарының көрші мемлекеттердің территориясында жасаған қылмыстарын қарайтын юрисдикцияға ие. Трибунал мемлекеттік сотпен бәсекелес және барлық ұлттық, мемлекеттік соттан басымдығы бар. Трибунал мемлекеттік сот қарап жатқан істің кез келген сатысында сол істі өзінің құзыретіне тапсыруды талап ете алады. Халықаралық гуманитарлық құқықты бұзғаны үшін халықаралық трибунал арқылы сотталған адамды дәл сол қылмысы үшін мемлекеттік сот соттай алмайды, бірақ аталған қылмысы үшін мемлекеттік сот арқылы сотталған адамды Халықаралық трибунал дәл сол қылмысы, әсіресе мемлекеттік сот тәуелсіз және әділ болмады, айыпталушыны халықаралық трибуналдағы қылмыстық жауапкершіліктен қорғап қалу үшін соттады немесе қылмысы тиісті дәрежеде тергелмеді деген айғаққа сүйеніп, соттай алады.

### **Қылмыстық трибуналдардың халықаралық механизмі (тетігі)**

Қылмыстық трибуналдардың халықаралық механизмі (тетігі) бірқатар маңызды қызметтердің атқарылуына септігін тигізеді. Мысал ретінде, Югославия, Руанда жөніндегі Халықаралық қылмыстық трибуналдары жабылғаннан кейін олардың бірқатар қызметін жалғастырып, 2010 жылы қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылған үлкен лауазымды тұлғалар арасындағы ұсталмай қашып кеткен тұлғалардың ісін қарауды айтуға болады. Бұл механизм шағын, уақытша, тиімді орган болады деп болжанды. Жарғыда көрсетілгендей механизм жұмысын «оның Президенті, Прокуроры, Хатшылығы жүргізеді, ол үшеуі Арушадағы және Гаагадағы екі сот бөлімінің жұмысын үйлестіріп отырады. «Механизм алғашында төрт жылға құрылып, одан кейін Қауіпсіздік Кеңесі оны жабу туралы шешім қабылдасамаса, жұмыс мерзімі әр екі жыл сайын ұзартылып отырады. Аруша бөлімінің жұмысы 2012 жылы басталса, Гаагадағы бөлімі 2013 жылы басталды.

### **Халықаралық Қылмыстық Сот**

1948 жылғы Геноцид туралы конвенцияның 6-бабында геноцидке кінәлі адамды геноцид қылмысы жасалған мемлекеттің соты немесе «арнайы құрылуы тиіс халықаралық қылмыстық трибунал» жазалауға тиіс деп жазылған. Халықаралық құқық комиссиясы осындай халықаралық сотты құру мүмкіндігін зерттеп, баяндама жасады. Сосын бұл мәселені Бас Ассамблея қарап, жарғысының (яғни статуттың) жобасын қабылдады. Дегенмен алдымен, агрессия ұғымының нақты анықтамасын анықтап алу қажет болғандықтан, бұл соттың



құрылуы кейінге қалдырылды. Біраз жылдардан кейін Жарғының Дайындық комитетінің жұмысының нәтижесінде 1998 жылы Рим конференциясы ұйымдастырылды. Рим жарғысы күшіне енуі үшін оны 60 мемлекет ратификациялауы қажет болды. Ол ақырында 2002 жылдың 1 шілдесінде ғана күшіне енгізілді.

Осыған дейін талқылаған екі халықаралық қылмыстық трибуналдан (яғни Югославия мен Руанда трибуналдарынан) айырмашылығы Халықаралық қылмыстық сот Қауіпсіздік кеңесінің міндеттеуші резолюциясы негізінде емес, халықаралық шарттың негізінде құрылған. Себебі мемлекеттер өз мойнына тұрақты халықаралық қылмыстық сот құру туралы міндеттеме алғысы келмеген еді. Сонымен қатар, Рим жарғысының көлемі мен мазмұны аталған екі трибуналдан әлдеқайда кеңірек болғанын айта кеткен жөн.

Рим жарғысы бойынша Халықаралық қылмыстық соттың юрисдикциясы геноцид, адамзатқа қарсы қылмыстар, соғыс қылмыстары, басқыншылық сияқты «тұтас халықаралық қауымдастықты мазалап отырған өрескел қылмыстарға» таралады және Халықаралық қылмыстық соттың юрисдикциясына жататын қылмысты жасаған адам «Жарғыға сәйкес жауапқа тартылып, жазаланады». Халықаралық қылмыстық сот юрисдикциясы тек осы жарғы қабылданғаннан кейін жасалған қылмыстарға және Жарғыға қатысушы мемлекеттерге ғана таралады.

Сондай-ақ Халықаралық қылмыстық сот юрисдикциясы тек қылмыс орын алған мемлекет пен азаматы қылмыс жасаған мемлекет осы Жарғының қатысушысы болса ғана таралады. Бұл Халықаралық қылмыстық сот жарғысы жалпыға ортақ емес екенін, тек территориялық және азаматтық критерийлерге сүйенетінін көрсетеді.

Сот юрисдикциясы, сонымен қатар, Қауіпсіздік кеңесі прокурорға БҰҰ Жарғысының VII тарауының негізінде тергеуді тапсырған кез келген іске таралады. Мұндай іс, сол мемлекет Халықаралық қылмыстық сот жарғысы қатысушысы болмаса да, міндетті түрде сотта қарауға жатады. Мысалы, 2005 жылдың 31 наурызында Қауіпсіздік Кеңесі 1593 резолюцияны прокурорға тергеуді тапсырған Судандағы Дарфур ауданына қатысты іс осындай іс еді.

Дарфурдағы істі алдын ала қарағаннан кейін, 2005 жылдың 1 маусымында тергеу басталып, Дарфурда 2002 жылдың 1 шілдесінен бастап жасалып жатқан қылмыс бойынша 24 ай бойы тергеу жүргізілді. Содан кейін прокурор сотқа дәлелін ұсынып, соғыс қылмыстары мен адамзатқа қарсы қылмыс жасау айыбы бойынша сот алдына келіп жауап беру үшін Суданның екі азаматын, яғни үкімет министрі мен әскери офицерді сотқа шақырды. Бұл екі азаматты қамауға алу туралы ордерді Бастапқы сот палатасы 2007 жылғы 27 сәуірде берген болатын. Кейінірек президент әл-Баширді қамауға алу туралы тағы екі ордер берілді. 2011 жылдың басында Бастапқы сот палатасы Муаммар Каддафиді (Ливияның сол кездегі мемлекет басшысы), Саиф әл-Ислам Каддафиді Абуалла әл-Сенуссиді қамауға алуға ордер берілді.

Жалпы, Халықаралық Қылмыстық соттың жоғарыда аталған екі халықаралық қылмыстық трибуналдан басты ерекшелігі – бірін-бірі толықтыру тұжырымына негізделгені, яғни мемлекеттік соттар Халықаралық қылмыстық соттан жоғары тұрады. Сондықтан кейбір істерге Халықаралық қылмыстық юрисдикциясы таралмайды, яғни ондай істерді қарауға құқығы жоқ. Мысалы, нақты сол іске қатысты юрисдикциясы бар мемлекеттік органдар тергеп-тексеріп жатқан істер. Тек мемлекет ол істі әрі қарай тексергісі келмесе немесе тиісті деңгейде тергей алмайтын болмаса, Халықаралық сот оны өз юрисдикциясы аясында қарауға алады немесе тұлғаны тергеп, тексеріп жатқан әрі соған юрисдикциясы таралатын мемлекеттік органдар кінәлі адамды тергемеу туралы шешім қабылдаса, Халықаралық сот өз юрисдикциясын жүзеге асыра алады. Үшінші жағдай бойынша, егер кінәлі адамды осы қылмысы үшін мемлекеттік сот әлгі адамды халықаралық қылмыстық соттың жазасынан құтқару үшін шартты түрде соттаса немесе мемлекеттік соттағы процесс тәуелсіз және әділ жүргеніне күмән туса, Халықаралық сот істі өз қарауына алуға құқығы бар.

## Сұрақтар

1. Халықаралық құқық бойынша мемлекеттерден бөлек жеке тұлғаларға жауапкершілік артудың себебі неде?



2. Жеке қылмыстық жауапкершілік тудыратын қылмыстар тізіміне қандай әрекеттер жатады?

3. Бұрынғы Югославия жөніндегі Халықаралық қылмыстық трибунал мен Руанда жөніндегі Халықаралық қылмыстық трибунал құру үшін БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің өз құзыретін пайдалануына қатысты пікіріңіз қандай? Бұл мемлекеттің егемендігіне әрі оның ықтиярына қарсы келмей ме?

4. Руанда жөніндегі Халықаралық қылмыстық трибунал мен ұлттық сот органдарының арақатынасы қандай? Трибуналдың үстемдігі мен мемлекеттің ішкі ісіне араласпау принципінің арақатынасы туралы пікіріңіз қандай?

### Әдебиеттер

1. W. Schabas, The Cambridge Companion to International Criminal Law , Cambridge, 2016.
2. R. O'Keefe, International Criminal Law, Oxford, 2015.
3. Ж.О.Кулжабаева, Международное публичное право. Общая и Особенная части, Алматы, 2006. 7.7 раздел.